



Визасыз
режімнен
ұтарымыз бар ма?

6-бет



Көңіл
келушілер
қолдауға зәру

8-бет



Мақта
мәселесі

10-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

№80 (30559) 28 СӘУІР, ЖҰМА 2023 ЖЫЛ

Мемлекетшілдік мінбері

www.egemen.kz E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ TWITTER.COM/EGEMENKZ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ: Ел бірлігін нығайту – қасиетті парыз



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясына қатысып, сөз сөйледі. «Әділетті Қазақстан: бірлік, тұрақтылық, даму» атты алқалы жиында Президент еліміздегі Ассамблеяның жаңа міндетін айқындап берді.

Гүлнар ЖОЛЖАН,
«Egemen Qazaqstan»

Бірлік бар жерде тірлік бар

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXII сессиясынан бергі аралықта мемлекетімізде түбегейлі өзгерістер болғанын жеткізді. Атап айтқанда, саяси жүйе жүйелі түрде трансформацияланды, мемлекеттік құрылымның жаңа әрі анағұрлым демократиялық үлгісі қалыптасты. Ауқымды өзгерістер барысында Ассамблеяға баса мән берілді. Аталған бірегей институт парламенттік өкілдіктің жаңа тетіктеріне ие болды. Президент Ассамблеяның елімізді саяси тұрғыда жаңғыртып, жалпыұлттық тұтастықты нығайту ісінде маңызды рөл атқарғанына назар аударды. ҚХА барлық этносты мемлекетті дамытудың стратегиялық міндеттерін шешу ісіне жұмылдыруға ықпал етті.

Президент алдымен Ассамблея сессиясының 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында өткізілуінің мәні зор екеніне тоқталды.

– Еліміз жақында Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Бұл – ырыс-ынтымақты, татулық пен келісімді дәріптейтін мейрам. Қазақстан үшін бұл аса маңызды мереке. Еліміз Бірлік күнін міндетті түрде атап өтуге тиіс. Себебі қасиетті Отанымыздың іргесі бүтін, тұғыры мығым болсын десек, бірлігіміз әрқашан бекем болуы керек. Бұл – анық ақиқат. Ассамблеяның алқалы жиынын жыл сайын ел бірлігі күніне орай өткізу дәстүрге айналды. Бұл сессия – көктем мезгілінде мемлекеттік деңгейде өтетін ең ауқымды іс-шара. Мұнда еліміз үшін өте маңызды ұсыныстар айтылады. Мен былтырғы сессияда Ата заңымызға өзгерістерді референдум арқылы енгізу туралы бастама көтердім. Көп ұзамай халқымыз өзінің тарихи таңдауын жасады. Конституцияға енгізілетін өзгерістерді қолдап дауыс берді, – деді Президент.

Сондай-ақ Қ.Тоқаев: «Біз «бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды» дейміз. Әрине, бұл – дұрыс пайым. Бірақ бірлік дегеніміз мақсатымызға



Суретті түсірген А. ДУСЕНБЕКОВ, Е. УКИЯБЕР

апаратын жол ғана емес. Бұл – мемлекеттілігіміздің ең басты тірегінің бірі. Мен бұған дейін де айттым: еліміздің тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат. Ел бірлігі осы мызғымас құндылықтармен қатар тұруға тиіс. Сонда ғана болашағымыз баянды болады. Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде дәріптелуі қажет. Бұл жалаң ұран емес, әр

азаматтың күнделікті ұстанымы болуы керек. Халқымыз бірліктің және тыныштықтың қадірін біледі. Бұл – небір қиын-қыстау заманды өткерген, қазақ жерінен пана тапқан барша этностар үшін де қымбат құндылықтар. Осы құндылықтарды бағалай білгеннің арқасында жұртымыз бейбіт өмір сүріп жатыр. Бұл – теңдессіз жетістік!», деп бірлік ұғымының тереңде жатқанын айтты.

Мемлекет басшысының

айтуынша, әрбір азамат бірлікті нығайту үшін қызмет етуі керек.

– Бұл қызмет ешқашан тоқтамайды, үздіксіз жалғаса береді. Өйткені бірлік болса ғана тірлік болады. Біз осы мызғымас қағидаға әрдайым адал болуымыз керек. Татулық пен келісімнің бәрі бірдей сезінбеуі мүмкін. Сол себепті кейде «Ассамблеяның қажеті жоқ» деген ұшқары, яғни күмәнді пікірлер айтылып

жатады. Шын мәнінде, Ассамблея – мемлекеттілігіміздің іргесін бекітіп тұрған басты институт. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бірлігімізді нығайтуға қызмет ететін бірегей құрылым. Ассамблея қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этносты ұйыстырып отыр. Онда еңбек етіп жүрген азаматтарды бірліктің елшісі деуге болады. Ассамблея жалпыұлттық бірлікті нығайтуда маңызды рөл атқарды. Ол реформаларды қоғамдық тұрғыда қолдауды кеңейтуге ықпал етті. Бұл бірегей институт халықаралық озық тәжірибеге толығымен сәйкес келетін парламенттік өкілдіктің жаңа тетіктеріне ие болды. Ассамблеяның ұсынысы бойынша Президент тағайындайтын Сенаттың бес депутаты заңнамалық деңгейде кері байланысты, қоғамдық бақылауды қамтамасыз етуге және Парламентте Қазақстанның барлық этностарының мүдделерін білдіруге жұмылдырылған. Мұнымен қоса, Ассамблеяның 12 мүшесі Ұлттық Құрылтай құрамына еніп, оның жұмысына жалпыұлттық диалогтің әмбебап үлгісін ілгерілетуде баға жетпес тәжірибе әкелді. Ассамблея реформаларды қоғамдық тұрғыда қолдауды кеңейтуге, мемлекет дамуының стратегиялық міндеттерін шешуге барлық этностарды тартуға ықпал етті, – деді Мемлекет басшысы.

(Соңы 2-3 беттерде)

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Халықтар арасында бейбітшілікті, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға сіңірген еңбегі үшін наградталсын:

II дәрежелі «Достық» орденімен

Ким Гера – «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті» КеАҚ Азия зерттеулер институтының директоры
Ким Константин – «Коре ильбо» республикалық газетінің бас редакторы;
Станиславович

«Күрмет» орденімен

Бугинас – «Lituanica» литвалықтар ҚБ мүшесі
Бронислав Казисович – «Наири» Қазақстан Республикасының армян мәдени орталықтарының қауымдастығы» РҚБ төрағасының орынбасары
Микаелян Наринэ Гамлетовна

«Шапағат» медалімен

Кан Алина Александровна – «Сөйле» тілдесу клубының қазақ тілінің оқытушысы
Останкович Дмитрий Валерьевич – «Радима» беларусь мәдени орталығы» ҚБ төрағасы
Тумгоев Юсуп Лом-Алиевич – «Вайнах» чешен және ингуш халықтарының мәдениетін дамыту қауымдастығы» ЗТБ мүшесі.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2023 жылғы 26 сәуір
№ 201

ІЗДЕНІС ІЗДЕРІ

Креативті экономика: Өнерді өрге жүздіру

Алдағы екі жылда креативті индустрияның экономикаға қосатын үлесін 5 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Ол үшін Мәдениет және спорт министрлігі биыл өнерлердің творчестволық ахуалын айқындау мақсатында арнайы зерттеу жүргізбекші.

Зейін ЕРФАЛИ,
«Egemen Qazaqstan»

Бұған қоса шығармашылық индустрияны қолдау қоры құрылмалқ. Ал шығармашылық өнімнен пайда табуға тікелей үлес қосатын буынның

негізгі драйвері жастар екені белгілі. Ал шығармашыл жастар бұл бағытта қаншалықты жемісті еңбек етіп жүр? Технология дамыған заманында экономиканың басты даму көзі – азаматтардың ой-қиялы, білімі мен интеллекті нәтижесінде жұртшылыққа

ұсынылған өнім немесе контент. Өйткені шығармашылық сектор – сарқылмайтын ресурс. Сондықтан қазір әлемде, мемлекеттік саясатта «ең тиімді инвестиция – адам капиталына салынған инвестиция» деген ұстаным қалыптасты. Байқағанымыздай азуын айға білеген мемлекеттер шикізат сатудан гөрі, азаматтарының «ақылын» сатудан жақсы пайда көреді. Өлемдік статистикалық деректі бағдарласак, бұл сала жылына шамамен 2,3 трлн доллар көлемінде табыс әкеледі.

Халықаралық сарапшылардың есебінше, дүниежүзілік жалпы ішкі өнімдегі креативті индустрияның үлесі 3 пайыздың мөлшерінде. Тізбектеп көрсек: Аустралияда креативті индустрияның жалпы ішкі өнімдегі үлесі – 5,7, Ұлыбританияда – 5,5, АҚШ пен Қытайда – 4,2, Италияда – 3,8, Германияда – 3,1 пайызды құрайды. Ал Қазақстанда креативті кеңістік әлі жүйеленіп біткен жоқ.

(Соңы 9-бетте)

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Кітап оқымайды деген – бос сөз

Астанада бес күнге жалғасып, апта соңында аяқталған «Eurasian Book Fair-2023» Еуразия кітап көрме-жәрмеңкесі елімізде қаншама жылдан бері айтылып келе жатқан «қазір ешкім кітап оқымайды» деген дәйексіз сөздің сенін бұзды. Мұнда кітап саудасы ғана емес, қазақ мәдениеті мен руханиятында қордаланып қалған мәселелердің шеті қылтып, көптеген сұрақтың жауабы табылды. «Фолиант» баспасы осымен алтыншы рет ұйымдастырып отырған рух тойына пара-пар кітап көрмесіне мемлекеттік деңгейде мән беріліп, кең ауқым алғаны көңіл көншітті. Бірақ айтарымыз басқа.

Жәнібек ӘЛИМАН,
«Egemen Qazaqstan»

Оқығанда қандай!

Біз айналамызға, көшедегі елдің пікіріне қарап, бір-бірімізден естіп алып «қазіргі жастар кітап оқымайды» дейміз. Мүлде олай емес. Кітап оқып, зерттеушілікпен шұғылданатын адам көшеде жүреді дегенге кім сенеді? Және ондай жанда бос уақыт бола ма өзі? Оқитын,

айналаға бейжай қарамайтын жастардың басым көпшілігі осындай кітап жәрмеңкесі сынды пайдалы, ақыл-білім сататын жерге топталады екен-ау дестік. Бұл пікірді жалғыз біз емес, біршама тұлға әлеуметтік желілерде бөлісіп те жатыр. Кітап көрмесінде үш күн жүргенде кітап қарауға мұрша бермей, кәдімгідей самсап кезекте тұрғандар қарасы үзілмеді. Бір ғана мысал, іс-шара басталған күннің ертесіне ақын



Баянғали Әлімжанның балаларға арналған «400 тәтті тақпақ» кітабының тұсауы кесілді, іле-шала аталған кітап тұрған «Фолиант» баспасы дүкенінің

сатушыларына «қалай өтіп жатыр?» десем, «өте жақсы өтіп жатыр» деді.

(Соңы 13-бетте)